

Жетісу аяқтыбалығының өсімін жасанды жолмен молайту жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 3 қазан N 1221

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 21 қыркүйектегі N 2463 Z933300_ Заңына сәйкес Халықаралық табиғат және табиғат ресурстарын қорғау одағының және Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жетісу аяқтыбалығының санын қалпына келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының 1996-1997 жылдары Ресей Ғылым академиясымен жетісу аяқтыбалығын жасанды жолмен ұстау және өсіру технологиясын әзірлеу жөнінде бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Жануартану және жануарлар генофонды институтына 1996-1997 жылдары Талдықорған облысындағы Борохудзир өзенінің су алабында қырық жетісу аяқтыбалығын және оның екі рет шашқан уылдырығын алуға рұқсат берсін және хайуанаттарға тәжірибе жүргізуге

арналған өсіп-өну ортасына жіберуге бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы бірлескен ғылыми-зерттеу жұмысы аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп берсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі